

Аудандық мәслихатының депутатына үміткерлер үшін үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандағы N 282 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 03 наурызда N 5-13-86 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 19 мамырдағы N 366 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011.05.19 N 366 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабы, 6-тармағына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының Катонқарағай ауданы бойынша үгіт-насихат баспа материалдарын орналасу жерлерінің тізімін қарай келе, барлық үміткерлердің тең құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, Катонқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. № 8 Катонқарағай сайлау округі бойынша Катонқарағай аудандық мәслихатының депутатына үміткерлер үшін Катонқарағай ауданы бойынша үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар қосымшаға с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы С. М у б а р а к о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы **Б. Рақышева**
Келісілді:

Аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы **М. Тлеубаев**
Катонқарағай аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 21 ақпандағы
№ 282 қаулысына қосымша

**Катонқарағай ауданының № 8 Катонқарағай сайлау округі бойынша
мәслихат депутаттығына ұсынылған кандидаттардың үгіт-насихат
баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар**

№ 8 Катонқарағай сайлау округі бойынша:

Катонқарағай ауылы – Абай көшесі, «Қаратай» спорт кешенінің маңында.
Топқайың ауылы – «Алтынай» дүкенінің жанында.

Аудан әкімі аппаратының басшысы

С. Мубараков